

Қаржылық делдалдық қызметтерінің шығарылымын есепке алу әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 23 қыркүйектегі № 217 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 25 қазанда № 14362 болып тіркелді

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 5) тармақшасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 258) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қаржылық делдалдық қызметтерінің шығарылымын есепке алу әдістемесін бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Ұлттық шоттар басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) тіркелген бұйрықты алған күннен бастап күнтізбелік он күні ішінде баспа және электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Ұлттық шоттар басқармасы осы бұйрықты жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелеріне және аумақтық органдарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының орынбасарына (Қ.К. Орынханов) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ э к о н о м и к а м и н и с т р л і г і

Статистика комитетінің төрағасы Н. Айдапкелов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұ л т т ы қ э к о н о м и к а м и н и с т р л і г і
Статистика к о м и т е т і т ө р а ғ а с ы н ы ң
2 0 1 6 ж ы л ғ ы 2 3 қ ы р к ү й е к т е г і
№ 2 1 7 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілді

Қаржылық делдалдық қызметтерінің шығарылымын есепке алу әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қаржылық делдалдық қызметтерінің шығарылымын есепке алу әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға ж а т а д ы .

2. Осы Әдістеме халықаралық стандарттарға сәйкес қаржылық делдалдық қызметтерінің шығарылымын есепке алу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (бұдан әрі - Комитет) пайдалануына арналған және Ұлттық шоттар жүйесінің мақсаттары үшін ғана қолданылады.

3. Осы Әдістеменің мақсаты институционалдық секторлардың өндіріс, табыстарды пайдалану шоттарын және «ресурстар-пайдалану» мен «шығындар-шығарылым» кестелерін құру үшін пайдаланылатын қаржылық делдалдықтың жанама түрде өлшенетін қызметтерінің (бұдан әрі – ҚДЖӨҚ) шығарылымы мен пайдаланылу көрсеткіштерінің есептеулерін жетілдіру болып табылады. Осы Әдістемені қолдану қаржылық секторда құрылатын қосылған құнды бағалаудың сенімділігін арттыруға және экономика салаларында пайдалануға жәрдемдеседі.

4. Осы Әдістеমেде келесі анықтамалар пайдаланылады:

1) депозиттер – банкке немесе басқа да депозиттік мекемеге сақтауға берілген, бірақ мерзімінің және белгілі бір шарттардың келуімен депозиттік келісімшартта белгіленген пайыздық мөлшерлемені төлеумен қайтаруға жататын ақшалай қаражат. Аударымдық және өзге де депозиттердің түрлері бар.

2) кредиттер (несиелер) – кредиторлар ақшалай қаражатты тікелей қарыз алушыларға ұсынған кезде пайда болатын қаржы құралдары, бұл беруге жатпайтын

3) қаржылық делдалдық – дебиторлардың қажеттіліктері мен кредиторлардың талаптарын сәйкестікке келтіру бойынша қызмет. Ол клиенттер оған сәйкес қарызға алатын және кредиттей алатын шарттардың баламалы жиынтығын ұсынатын қаржылық мекемелермен жүзеге асырылады.

2-тарау. 2008 жылғы ҰШЖ сәйкес ҚДЖӨҚ шығарылымын есептеу тәртібі

5. Банктер мен басқа да қаржылық мекемелердің делдалдық қызметі жинақтары бар және оларды инвестицияларды қаржыландыру үшін ресурстарды пайдаланатын институционалдық бірліктерге, қаржылық емес корпорацияларға қайтарымды негізде уақытша пайдалануға беретін әртүрлі институционалдық бірліктердің (үй шаруашылықтары мен кәсіпорындардың) бос қаржы ресурстарын тарту және шоғырландырудан тұрады. Банктер және басқа да қаржылық мекемелер жинақтайтын институционалдық бірліктер мен инвестициялайтын институционалдық бірліктер арасындағы делдал ретінде жүреді. Қаржылық мекемелердің делдалдық қызметі ресурстарды бір институционалдық бірліктерден өзгелерге беруге байланысты шығындарға ұшырайды, және өзіне белгілі тәуекелді жүктейді, қаржылық міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

6. Несиелер қаржылық мекемелермен берілген және депозиттер қаржылық мекемелерде орналастырылған кезде ҚДЖӨҚ шығарылымы несиелермен және депозиттермен операцияларға қатысты анықталады. ҚДЖӨҚ шығарылымын есептеу кезінде есепке құнды қағаздармен операциялар нәтижесінде пайда болатын меншіктен түскен табыстарды есептеулерге қосылмайды, өйткені құнды қағаздармен жасалатын операциялар делдалдық болып табылмайды. Қаржылық мекемелер құнды қағаздарды нарықта сатып алғанда немесе сатқанда олар бұл қағаздардың бағасына әсер етпейді.

7. Банкаралық айқындамалар сәйкестендіріледі және құралдардың жеке санаты ретінде көрсетіледі. Бұл банкаралық несиелер мен депозиттердің өзге несиелер мен депозиттерден ажырату мүмкіндігін қарастыру себептерінің бірі. Екінші себеп қаржылық делдалдықтың жанама түрде өлшенетін қызметтерінің төлемін есептеумен байланысты. ҚДЖӨҚ есептеу үшін банктердің банктік емес клиенттерінің несиелері мен депозиттері қалдықтарының шамалары пайдаланылады және банктер алатын немесе төлейтін пайыздар мен дәл сол несиелер мен депозиттер қалдықтарына пайыздың базистік мөлшерлемесін қолдану жолымен есептелген пайыздар арасындағы айырмашылық есептеледі. Банктер арасындағы қатынастарда ҚДЖӨҚ төленеді немесе төленбейді, банктер бір-бірінен қарыз алады немесе бір-біріне тәуекел факторын қоспайтын мөлшерлеме бойынша қаражат ұсынады. Бұл себептер бойынша банкаралық несиелер мен депозиттер өзге несиелер мен депозиттерден ажыратылады (ҰШЖ 2008, 11.56 - тармақ).

8. Пайыздың базистік мөлшерлемесінің есептелуі осы Әдістемеге 1-қосымшада келтірілген. ҚДЖӨҚ шығарылымын есептеу кезінде базистік мөлшерлеме ретінде банкаралық пайыздық мөлшерлеме пайдаланылады. Банкаралық пайыздық мөлшерлемені есептеу үшін жеткілікті бастапқы ақпарат жоқ. Бұл Әдістемеді базистік мөлшерлемені баламалы есептеу – несиелерге және депозиттерге пайыздың мөлшерлемелері арасындағы орташа мәнді пайдалану сипатталған.

9. Базистік мөлшерлемені есептеу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастырылған деректері:

1) несиелер мен депозиттердің қалдықтары жөніндегі деректер;

2) алынған және төленген пайыздар жөніндегі деректер пайдаланылады.

10. Есептеулерде несиелер мен депозиттердің қорлары бойынша кезең соңындағы деректер пайдаланылған. Несиелер мен депозиттердің кезеңдегі орташа қалдықтары сәйкесінше ағымдағы айғы несиелер мен депозиттердің өткен аймен арифметикалық орташа ретінде есептелген.

11. Несиелер мен депозиттер бойынша пайыздардың мөлшерлемелері алынған және төленген пайыздардың тиісінше орташа алғанда кезеңдегі несиелер мен депозиттердің қалдықтарына қатынасымен есептеледі. Несиелер мен депозиттер бойынша пайыздың мөлшерлемесін есептеу формуласы:

$$rL = \frac{I_l}{yL}, \quad rD = \frac{I_d}{yD},$$

м ұ н д а ғ ы :

$rLrL$ – несиелер бойынша пайыздың мөлшерлемесі;

$rDrD$ – депозиттер бойынша пайыздың мөлшерлемесі;

$I_l I_l$ – несиелер бойынша пайыздар;

$I_d I_d$ – депозиттер бойынша пайыздар;

$yLyL$ – орташа алғанда есептік кезеңдегі несиелердің қалдықтары;

$yDyD$ – есептік кезеңдегі депозиттердің орташа қалдықтары;

12. Базистік мөлшерлеме келесі формула бойынша есептеледі:

$$rr = \frac{rL * wL + rD * wD}{100},$$

м ұ н д а ғ ы :

$rrrr$ – пайыздың базистік мөлшерлемесі;

$rLrL$ – несиелер бойынша пайыздың мөлшерлемесі;

$rDrD$ – депозиттер бойынша пайыздың мөлшерлемесі;

$wLwL$ – орташа алғанда кезеңдегі несиелер қалдықтарының қалдықтардың жалпы құрылымындағы үлес салмағы;

$wDwD$ – орташа алғанда кезеңдегі депозит қалдықтарының қалдықтардың жалпы

13. ҚДЖӨҚ шығарылымын есептеу осы Әдістемеге 2-қосымшада келтірілген. ҚДЖӨҚ шығарылымын есептеу несиелермен және депозиттермен операциялар үшін жеке жүргізіледі. Несиелермен операциялар үшін ҚДЖӨҚ шығарылымы есептік кезеңдегі несиелердің орташа қалдығын несиелер бойынша пайыз мөлшерлемесі мен пайыздың базистік мөлшерлемесі арасындағы айырмашылыққа көбейту жолымен есептеп шығарылады. Депозиттермен операциялар үшін ҚДЖӨҚ шығарылымы есептік кезеңдегі депозиттердің орташа қалдығын пайыздың базистік мөлшерлемесі мен депозиттер бойынша пайыз мөлшерлемесі арасындағы айырмашылыққа көбейту арқылы есептеп шығарылады. Несиелер мен депозиттер бойынша ҚДЖӨҚ шығарылымын есептеу формулалары келесідей:

$$FISIM_L = (rL - rr) * yL$$

$$FISIM_D = (rr - rD) * yD$$

м ұ н д а ғ ы :

$FISIM_L$ – несиелер бойынша ҚДЖӨҚ шығарылымы;
 $FISIM_D$ – депозиттер бойынша ҚДЖӨҚ шығарылымы;
 yL – орташа алғанда есептік кезеңдегі несиелердің қалдықтары;
 yD – орташа алғанда есептік кезеңдегі депозиттердің қалдықтары;
 rL – несиелер бойынша пайыздың мөлшерлемесі;
 rD – депозиттер бойынша пайыздың мөлшерлемесі;
 rr – пайыздың базистік мөлшерлемесі.

14. ҚДЖӨҚ шығарылымының жалпы мөлшері несиелер бойынша ҚДЖӨҚ мен депозиттер бойынша ҚДЖӨҚ шығарылымдарын қосу арқылы алынады:

$$FISIM = FISIM_L + FISIM_D$$

м ұ н д а ғ ы :

$FISIM_L$ – несиелер бойынша ҚДЖӨҚ шығарылымы;
 $FISIM_D$ – депозиттер бойынша ҚДЖӨҚ шығарылымы.

3-тарау. Пайдаланушылар бойынша ҚДЖӨҚ шығарылымын бөлу тәртібі

15. Экономика секторлары бойынша ҚДЖӨҚ шығарылымын бөлу үшін экономика секторлары бөлінісіндегі кредиттер мен депозиттер бойынша деректер пайдаланылады. Экономиканың институционалдық секторлары бөлінісінде несиелер бойынша ҚДЖӨҚ шығарылымы кредиттер құрылымына қарай бөлінеді, депозиттер бойынша ҚДЖӨҚ шығарылымы депозиттер құрылымына қарай бөлінеді. Экономиканың институционалдық секторлары бөлінісіндегі кредиттер мен депозиттердің құрылымы

16. Үй шаруашылықтары секторы үш кіші секторға бөлінеді:

- 1) тұрғын үй иелері;
- 2) түпкілікті тұтынушылар;
- 3) корпорацияланбаған кәсіпорындар.

17. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің статистикалық жарияланымдарында банк кредиттері бойынша кредиттеу объектілеріне қарай құрылысқа және азаматтардың тұрғын үй сатып алуға арналған кредиттері мен азаматтардың тұтынушылық мақсаттарына арналған кредиттерінің ақпараты бар, бұл ақпарат негізінде олардың үй шаруашылықтары секторының кредиттеріндегі үлесі анықталады, кредиттердің қалған бөлігі корпорацияланбаған кәсіпорындардың кредиттеріне жатады. Осы есептік үлестер бойынша үй шаруашылықтары секторының ҚДЖӨҚ шығарылымы бөлінеді. Экономика секторлары бойынша ҚДЖӨҚ шығарылымын бөлу нәтижесі осы Әдістемеге 4-қосымшада келтірілген.

18. Институционалдық секторлар-пайдаланушылар бойынша ҚДЖӨҚ шығарылымын есептеу пайдалану элементтері бойынша оны бөлу үшін қажетті деректерді алуға мүмкіндік береді. Қаржылық емес және қаржылық корпорациялар, мемлекеттік басқару, үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар (бұдан әрі – ҮШҚКЕҰ) секторлары және үй шаруашылықтарының кіші секторлары – өздері тұратын тұрғын үй иелері және корпорацияланбаған кәсіпорындардың иелері үшін ҚДЖӨҚ шығарылымы – осы секторлардың аралық тұтынуына жатады. Үй шаруашылықтары-тұтынушылардың кіші секторы үшін ҚДЖӨҚ шығарылымы үй шаруашылықтары секторының түпкілікті тұтынуына жатады.

19. Аралық тұтынуға қаржылық емес сектордың ҚДЖӨҚ шығарылымын бөлу осы Әдістемеге 5-қосымшада келтірілген. Келтірілген есептеулерден көрініп тұрғандай аралық шығындарға бөлу үшін экономика салаларындағы банктердің кредиттері жөніндегі ақпарат пайдаланылған.

Мемлекеттік басқарудың ҚДЖӨҚ шығарылымы «Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік сақтандыру» саласын пайдалануға жатады.

Қалған секторлардың ҚДЖӨҚ шығарылымы тиісті секторлардың аралық тұтыну құрылымы бойынша бөлінеді.

4-тарау. ҚДЖӨҚ экспортын есептеу

20. ҚДЖӨҚ шығарылымын толық бағалау үшін несиелер резиденттердің қаржылық мекемелерімен бейрезиденттерге берілген және бейрезиденттердің депозиттері резиденттердің қаржылық мекемелеріне орналастырған кездегі несиелермен және депозиттермен операцияларға қатысты анықталатын ҚДЖӨҚ экспорты да бағаланады.

21. ҚДЖӨҚ экспортын қалыптастыру кезінде халықаралық инвестициялық

айқындама мен төлем балансы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастырылған деректері ақпараттық негіз болып т а б ы л а д ы .

22. Экспортқа ҚДЖӨҚ шығарылымын есептеулердің тәсілі ішкі экономика үшін ҚДЖӨҚ шығарылымын есептеулерге ұқсас, яғни ҚДЖӨҚ экспорты базистік пайыздық мөлшерлеме тұжырымдамасын пайдалану арқылы есептеледі.

23. Банкаралық кредиттер мен депозиттер базистік мөлшерлеме бойынша немесе соған жақын ұсынылады, бұл жағдайда ҚДЖӨҚ болмайды. Сапалы базистік пайыздық мөлшерлемені есептеу бейрезиденттерден алынған пайыздар және бейрезиденттерге төленген пайыздар жөніндегі төлем балансының деректері резиденттер банктері мен бейрезиденттер банктері арасындағы түсімдер мен төлемдерді қосқан кезде қиындай түседі. ҚДЖӨҚ экспортын есептеуде базистік мөлшерлеме ретінде ішкі экономиканың базистік мөлшерлемесі пайдаланылады, пайыздың базистік мөлшерлемесінің есептелуі осы Әдістемеге 1-қосымшада көрсетілген.

24. ҚДЖӨҚ экспорты көрсетілетін қызметтер экспортының құрамында ескеріледі. ҚДЖӨҚ экспортын есептеу осы Әдістемеге 6-қосымшада келтірілген.

Қаржылық делдалдық қызметтерінің шығарылымын есепке алу әдістемесіне 1-қосымша

Пайыздың базистік мөлшерлемесінің есептелуі

Кезең	Қалдықтары, млн.теңге		Алынған (төленген) пайыздар, млн.теңге		Кезеңге орташа қалдықтары, млн.теңге		Пайыздың мөлшерлемелері, %		Қалдықтар барлығы, млн.теңге	Салм несие
	несиелердің	депозиттердің	несиелер бойынша	депозиттер бойынша	несиелердің	депозиттердің	несиелер бойынша	депозиттер бойынша		
	1	2	3	4	5	6	7=3/5%	8=4/6%		
12.12	9 958 040	8 994 735								
01.13	9 902 445	9 073 532	87 823	32 446	9 930 243	9 034 134	0,9	0,4	18 964 376	52,4
02.13	10 002 721	9 126 719	81 231	31 366	9 952 583	9 100 126	0,8	0,3	19 052 709	52,2
03.13	10 118 207	9 649 854	81 587	32 687	10 060 464	9 388 287	0,8	0,3	19 448 751	51,7
04.13	10 258 633	9 612 620	87 300	32 329	10 188 420	9 631 237	0,9	0,3	19 819 657	51,4
05.13	10 373 628	9 858 172	104 479	33 786	10 316 131	9 735 396	1,0	0,3	20 051 527	51,4
06.13	10 544 984	10 055 355	69 614	33 297	10 459 306	9 956 764	0,7	0,3	20 416 070	51,2
07.13	10 707 692	10 205 826	113 734	36 483	10 626 338	10 130 591	1,1	0,4	20 756 929	51,2
08.13	10 782 777	9 882 913	70 212	33 865	10 745 235	10 044 370	0,7	0,3	20 789 604	51,7
09.13	10 935 689	10 104 699	91 948	34 404	10 859 233	9 993 806	0,8	0,3	20 853 039	52,1
10.13	11 040 434	10 242 495	95 849	36 167	10 988 062	10 173 597	0,9	0,4	21 161 659	51,9
11.13	11 251 456	9 935 252	111 228	35 833	11 145 945	10 088 874	1,0	0,4	21 234 819	52,5
12.13	11 291 548	10 085 857	98 193	36 900	11 271 502	10 010 555	0,9	0,4	21 282 057	53,0

01.14	11 314 974	10 484 454	96 382	37 409	11 303 261	10 285 156	0,9	0,4	21 588 417	52,4
02.14	12 069 376	11 032 811	90 890	36 018	11 692 175	10 758 633	0,8	0,3	22 450 808	52,1
03.14	12 166 613	11 476 295	99 771	37 365	12 117 995	11 254 553	0,8	0,3	23 372 548	51,8
04.14	12 229 635	11 423 070	98 549	37 434	12 198 124	11 449 683	0,8	0,3	23 647 807	51,6
05.14	12 306 369	11 523 747	101 519	39 304	12 268 002	11 473 409	0,8	0,3	23 741 411	51,7
06.14	12 163 324	11 959 245	100 803	39 016	12 234 847	11 741 496	0,8	0,3	23 976 343	51,0
07.14	12 185 597	11 985 061	105 375	40 943	12 174 461	11 972 153	0,9	0,3	24 146 614	50,4
08.14	12 179 053	11 970 059	104 443	40 434	12 182 325	11 977 560	0,9	0,3	24 159 885	50,4
09.14	12 228 285	12 097 531	105 755	41 702	12 203 669	12 033 795	0,9	0,3	24 237 464	50,4
10.14	12 163 423	12 276 223	110 736	41 430	12 195 854	12 186 877	0,9	0,3	24 382 731	50,0
11.14	12 212 913	11 752 291	109 093	41 260	12 188 168	12 014 257	0,9	0,3	24 202 425	50,4
12.14	12 105 684	11 694 235	110 463	38 376	12 159 299	11 723 263	0,9	0,3	23 882 562	50,9
01.15	12 165 954	11 367 374	107 906	39 913	12 135 819	11 530 805	0,9	0,3	23 666 624	51,3
02.15	12 080 763	11 266 376	98 814	37 712	12 123 359	11 316 875	0,8	0,3	23 440 234	51,7
03.15	12 045 438	11 284 994	110 173	40 688	12 063 101	11 275 685	0,9	0,4	23 338 786	51,7
04.15	12 103 029	11 248 321	108 777	39 847	12 074 234	11 266 658	0,9	0,4	23 340 891	51,7
05.15	12 068 251	11 446 876	110 673	39 807	12 085 640	11 347 599	0,9	0,4	23 433 239	51,6
06.15	10 711 452	11 939 252	81 437	29 746	11 389 852	11 693 064	0,7	0,3	23 082 916	49,3
07.15	10 639 991	11 802 886	114 601	40 904	10 675 722	11 871 069	1,1	0,3	22 546 791	47,3
08.15	11 378 882	13 205 479	117 531	41 708	11 009 437	12 504 183	1,1	0,3	23 513 619	46,8
09.15	11 834 094	14 295 026	121 726	45 144	11 606 488	13 750 253	1,0	0,3	25 356 741	45,8
10.15	11 964 441	14 573 731	126 441	46 226	11 899 268	14 434 379	1,1	0,3	26 333 646	45,2
11.15	12 368 582	15 494 199	128 237	48 846	12 166 512	15 033 965	1,1	0,3	27 200 477	44,7
12.15	12 674 245	15 970 481	132 694	53 496	12 521 414	15 732 340	1,1	0,3	28 253 754	44,3

Қаржылық делдалдық қызметтерінің
шығарылымын есепке алу әдістемесіне
2-қосымша

**Қаржылық делдалдықтың жанама түрде өлшенетін қызметтерінің
шығарылымын есептеу**

Кезең	ҚДЖӨК, млн.теңге		ҚДЖӨК барлығы, млн.теңге
	несиелер бойынша	депозиттер бойынша	
	$13^* = (7-12)\% * 5$	$14^* = (12-8)\% * 6$	
01.13	24 847	24 847	49 694
02.13	22 414	22 414	44 827
03.13	22 475	22 475	44 951
04.13	25 804	25 804	51 608
05.13	33 344	33 344	66 688
06.13	16 892	16 892	33 784
07.13	36 832	36 832	73 664

08.13	16 419	16 419	32 838
09.13	26 150	26 150	52 301
10.13	27 300	27 300	54 600
11.13	34 037	34 037	68 074
12.13	26 645	26 645	53 289
01.14	26 332	26 332	52 663
02.14	24 798	24 798	49 595
03.14	28 670	28 670	57 340
04.14	28 405	28 405	56 811
05.14	28 751	28 751	57 502
06.14	29 455	29 455	58 910
07.14	31 603	31 603	63 206
08.14	31 390	31 390	62 781
09.14	31 510	31 510	63 020
10.14	34 625	34 625	69 250
11.14	33 376	33 376	66 752
12.14	34 685	34 685	69 370
01.15	32 107	32 107	64 214
02.15	28 203	28 203	56 405
03.15	32 197	32 197	64 395
04.15	31 894	31 894	63 789
05.15	33 063	33 063	66 127
06.15	26 576	26 576	53 152
07.15	40 970	40 970	81 941
08.15	42 973	42 973	85 946
09.15	45 345	45 345	90 689
10.15	48 418	48 418	96 837
11.15	49 030	49 030	98 059
12.15	50 179	50 179	100 358

Е с к е р т п е :

ҚДЖӨҚ - қаржылық делдалдықтың жанама түрде өлшенетін қызметтер, * бағаналарды нөмірлеу осы Әдістеменің 1-қосымшасындағы кестенің бағаналарын нөмірлеудің жалғасы болып табылады.

Қаржылық делдалдық қызметтерінің
шығарылымын есепке алу әдістемесіне
3-қосымша

Экономиканың институционалдық секторлары бөлінісіндегі кредиттер мен депозиттердің құрылымы

Экономика секторлары бойынша кредиттер, млн.теңге	Экономика секторлары бойы

Кезең	Қаржылық емес корпорациялар секторы	Қаржылық корпорациялар секторы	Мемлекеттік басқару секторы	Үй шаруашылықтары секторы	ҮШҚКЕҰ секторы	Экономика тұтастай	Қаржылық емес корпорациялар секторы	Қаржылық корпорациялар секторы	
2013	9 244 320	244 763	90	3 780 843	1 449	13 271 466	69,66	1,84	
2014	9 617 293	263 049	119	4 174 311	1 940	14 056 711	68,42	1,87	
2015	9 284 783	2 537 025	297	4 379 163	2 159	16 203 427	57,30	15,66	
Кезең	Экономика секторлары бойынша депозиттер, млн.теңге						Экономика секторлары бойынша		
	Қаржылық емес корпорациялар секторы	Қаржылық корпорациялар секторы	Мемлекеттік басқару секторы	Үй шаруашылықтары секторы	ҮШҚКЕҰ секторы	Экономика тұтастай	Қаржылық емес корпорациялар секторы	Қаржылық корпорациялар секторы	
	2013	4 727 907	794 047	108	3 905 141	411 755	9 838 958	48,05	8,07
	2014	4 985 361	1 247 314	211	4 397 476	503 348	11 133 710	44,78	11,20
2015	6 195 239	1 556 554	908	6 792 709	932 379	15 477 789	40,03	10,06	

Е с к е р т п е :

ҮШҚКЕҰ - үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар.

Қаржылық делдалдық қызметтерінің
шығарылымын есепке алу әдістемесіне
4-қосымша

Экономика секторлары бойынша қаржылық делдалдықтың жанама түрде өлшенетін қызметтерінің шығарылымын бөлу нәтижесі

Кезең	Секторлар (несиелер + депозиттер) бойынша ҚДЖӨК, млн.теңге							
	Қаржылық емес корпорациялар секторы	Қаржылық корпорациялар секторы	Мемлекеттік басқару секторы	Үй шаруашылықтары секторы	одан			ҮШҚКЕҰ секторы
					тұрғын үй иелері	тұтынушылар	корпорацияланбаған кәсіпорындар	
2013	368 615	31 049	6	213 509	55 365	124 318	33 826	13 140
2014	411 577	47 538	10	251 586	59 768	155 598	36 220	16 488
2015	448 639	118 530	35	326 877	76 895	195 355	54 627	27 829

Е с к е р т п е :

ҚДЖӨК - қаржылық делдалдықтың жанама түрде өлшенетін қызметтер, ҮШҚКЕҰ - үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар.

Қаржылық делдалдық қызметтерінің
шығарылымын есепке алу әдістемесіне
5-қосымша

Металлургия өнеркәсібі; машиналар мен жабдықтардан басқа дайын металл бұйымдарын жасау	109 470	132 799	194 260	1,0	1,1	1,5	5 555	7 130	10 510
Басқа санаттарға кіргізілмеген машиналар мен жабдықтар жасау	30 361	33 149	30 104	0,3	0,3	0,2	1 541	1 780	1 629
Компьютерлер, электрондық және оптикалық бұйымдарды жасау; электр жабдықтарын жасау	31 687	42 362	45 242	0,3	0,3	0,4	1 608	2 274	2 448
Автокөлік құралдарын, трейлерлер және жартылай тіркемелер жасау; өзге де көлік құралдарын жасау	25 031	27 824	50 036	0,2	0,2	0,4	1 270	1 494	2 707
Өңдеу өнеркәсібінің өзге де салалары	33 329	36 737	43 942	0,3	0,3	0,3	1 691	1 972	2 377
<i>3. Өнеркәсіптің өзге де салалары</i>	<i>96 899</i>	<i>121 701</i>	<i>204 566</i>	<i>0,9</i>	<i>1,0</i>	<i>1,6</i>	<i>4 917</i>	<i>6 534</i>	<i>11 067</i>
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	375 431	485 002	653 643	3,3	4,0	5,2	19 050	26 038	35 363
Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну	373 921	483 328	651 655	3,3	4,0	5,1	18 974	25 948	35 255
Орман шаруашылығы және ағаш дайындау	616	509	702	0,0	0,0	0,0	31	27	38
Балық шаруашылығы және аквадакыл	894	1 164	1 286	0,0	0,0	0,0	45	63	70
Құрылыс	1 383 302	1 143 174	991 740	12,3	9,4	7,8	70 192	61 373	53 654
Көлік және қоймалау	395 590	434 385	609 183	3,5	3,6	4,8	20 073	23 321	32 957
<i>соның ішінде:</i>							0	0	0
Құрлық көлігі және құбырмен тасымалдау	98 919	92 821	91 105	0,9	0,8	0,7	5 019	4 983	4 929
Су көлігі	24 897	28 429	32 614	0,2	0,2	0,3	1 263	1 526	1 764
Әуе көлігі	24 721	18 722	40 454	0,2	0,2	0,3	1 254	1 005	2 189
Қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі; почталық және курьерлік қызмет	247 054	294 413	445 010	2,2	2,4	3,5	12 536	15 806	24 075
Ақпарат және байланыс	89 929	96 925	136 715	0,8	0,8	1,1	4 563	5 204	7 396
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	2 207 340	2 419 861	2 645 676	19,5	20,0	20,9	112 006	129 914	143 134
Басқа салалар	1 530 198	1 717 692	1 557 031	13,6	14,2	12,3	77 646	92 217	84 237
Басқалар (өндірістік емес сала, жеке қызмет)	4 027 146	4 439 419	4 381 619	35,7	36,7	34,6			

Е с к е р т п е :

ҚДЖӨҚ - қаржылық делдалдықтың жанама түрде өлшенетін қызметтер

Қаржылық делдалдық қызметтерінің
шығарылымын есепке алу әдістемесіне
6-қосымша

Қаржылық делдалдықтың жанама түрде өлшенетін қызметтерінің экспортын есептеу

Кезең	Орташа алғанда кезеңдегі қалдықтары, млн.теңге		Пайыздың мөлшерлемелері, %		Қалдықтар барлығы, млн.теңге	Салмақтары, %		Пайыздың базистік мөлшерлемесі, %	ҚДЖӨҚ, кредиттеу бойынша
	кредиттердің	депозиттердің	кредиттер бойынша	депозиттер бойынша		кредиттердің	депозиттердің		
	1	2	3	4		5=1+2	6=1/5%		
2013	1 763 409	245 342	10,3	4,2	2 008 751	87,8	12,2	9,6	13 227
2014	2 164 877	305 863	10,2	4,0	2 470 740	87,6	12,4	9,4	16 465
2015	777 756	229 603	11,5	3,9	1 007 359	77,2	22,8	9,8	13 387

Е с к е р т п е :

ҚДЖӨҚ - қаржылық делдалдықтың жанама түрде өлшенетін қызметтер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК